

**Архивтеу туралы
түсініктеме. WinRar
Winzip архиваторлары.**



Сабақтың
мақсаты:

Білімділік: Білім алушыларға файлдарды архивтеуді, сығуды, архиватор программасы туралы түсіндіру, білімдерін қалыптастыру.

Дамытушылық: : Білім алушылардың есте сақтау және зейінділік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылығын, арттыру.

Тәрбиелілік: Жан - жақты болуға, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

II. Үй тапсырмасы.

1. Windows 7-нің негізгі стандартты қосымшаларына нелер жатады?
2. Адрестік кітап дегеніміз не?
3. Блокнот деп нені айтамыз?
4. Калькулятор дегеніміз не?
5. Сілтеуіш дегеніміз не?
6. WordPad дегеніміз не?
7. Графикалық редактор Paint дегеніміз не?

ЖАУАБЫ:

- 1. Tab**
- 2. СЫЗҒЫШ**
- 3. Backspace пернесін басу.**
- 4. Shift+Ins**
- 5. Пішім (Формат)**
- 6. Тізім элементтерінің мазмұнын**
- 7. Shift+Del;**
- 8. Түр;**
- 9. Таблица – Сортировка**

III. Жаңа сабақ

Резервтік (Қорда сақталатын) көшірмені құру үшін немесе компьютерлік желілер арқылы жылдам беру үшін файлдар архиватор деп аталатын арнайы программалардың көмегімен архивтеледі.

Программалар – архиваторлар бір немесе бірнеше файлдың орнына бір архивтік файл құрады. Архивтеу компьютер жадында орынды үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар ақпараттарды сенімді сақтау үшін де қажет. Файлды архивтік файлға жазу процесі архивтеу (буып –түю, сығу), ал файлды архивтен алу- архивтен шығару деп аталады. Буып-түйілген (сығылған) файл архив деп аталады.

Ақпараттар көлемі кішірейетін, ал ақпарат саны сол қалпында қалатын әр түрлі архивтеу алгоритмдері бар. Мәтіндік және графикалық файлдар жақсы сығылады, ал іс-жүзінде архивтер файлы сығылмайды. Файлдарды ұзақ сақтау үшін немесе компьютер желісі арқылы оңай әрі тез тасымалдау үшін файлдар арнайы файлдық менеджерлер және арнайы архивтеу программалары көмегімен архивтеледі (сығылады).

Архивтеу алгоритмдері мен әдістері. Мәліметтерді еш нұқсансыз (жоғалусыз) архивтейтін әртүрлі архивтеу алгоритмдері бар. Мәліметтерді қайтадан қалпына келтіргенде ол бастапқы күйге келеді. Мәліметтерді сығудың ең қарапайым алгоритмі (мәтінде бірдей символдар тізбегі, ал графикалық редакторда – бір түспен боялған облыс және т.б болуы мүмкін) қайталанатын биттерді алмастыруға негізделген.

2. Архивтеуші программалардың түрлері.

Файлдарды архивтейтін көптеген арнайы программалар – архиваторлар (WinZip, WinRAR, PowerArchiver және т.б.) бар.

Ең көп тараған архивтеу және оларды басқару құрылғыларының бірі – MS-DOS, Windows, Linux және т.б. жүйелерде жұмыс істей алатын, толық орысшаланған WinRAR архиваторы болып табылады. WinRAR RAR және ZIP архивтерімен жұмыс істеуге, сонымен бірге мәліметтерді сығудың тиімді алгоритмдерін қолданып көптомды және өзі ашылатын архивтер және сол сияқтыларды құруға мүмкіндік береді.

3. WinRAR программасы.

Файлдарды архивтеу.

WinRAR архиваторының көмегімен файлдарды архивтеуді, және файлдарды архивтен қайтадан алуды ұйымдастыруға болады.

1. WinRAR архиваторын іске қосыңыз.

2. Файлдарды белгілеңіз және Командалар-Архивке файл қосу командасын енгізіңіз

1-сурет (үстінгі). WinRAR архиваторының терезесі. Жаңа архив құру барысында архивтеу параметрлерін беру керек. Ең алдымен архивтік файл атын және дискідегі оның сақталынатын орнын беру қажет. Одан кейін архивтеудің RAR немесе ZIP форматын таңдау қажет.

IV. Сабақты қорытындылау Резервтік (Қорда сақталатын) көшірмені құру үшін немесе компьютерлік желілер арқылы жылдам беру үшін файлдар архиватор деп аталатын арнайы программалардың көмегімен архивтеледі. Программалар – архиваторлар бір немесе бірнеше файлдың орнына бір архивтік файл құрады.

Резервтік (Қорда сақталатын) көшірмені құру үшін немесе компьютерлік желілер арқылы жылдам беру үшін файлдар архиватор деп аталатын арнайы программалардың көмегімен архивтеледі.

Программалар – архиваторлар бір немесе бірнеше файлдың орнына бір архивтік файл құрады.

Архивтеу компьютер жадында орынды үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар ақпараттарды сенімді сақтау үшін де қажет. Файлды архивтік файлға жазу процесі архивтеу (буып –түю, сығу), ал файлды архивтен алу- архивтен шығару деп аталады. Буып-түйілген (сығылған) файл архив деп аталады.

V. Үйге тапсырма: Жаңа ақпараттық технологиялар, оқулық бойынша қосымша жұмыстарды аяқтау.

VI. Бағалау:

НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!!

